# Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Дания Корольдігіне 2000 жылғы 25-26 қазандағы ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 8 қаңтар N 16

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Дания Корольдігіне 2000 жылғы 25-26 қазандағы ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру және қазақстан-даниялық ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Дания Корольдігіне 2000 жылғы 25-26 қазандағы ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен мүдделі

ұйымдары Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кемінде тоқсан сайын бір рет Жоспардың орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етіп отырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 8 қаңтардағы
N 16 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың
Дания Корольдігіне 2000 жылғы 25-26 қазандағы ресми сапары барысында
қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру

жөніндегі іс-шаралар жоспары

| р/с N | Іс-шара | Орындалу мерзімі 1 | Орындалуына жауапты министрліктер мен ведомстволар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дания Король.<br>дігі Үкіметінің арасында.<br>ғы инвестицияларды көтер.<br>мелеу және өзара қорғау туралы Келісім жобасын қол қоюға түпкілікті дайындау. | 2001 жыл.<br>дың бірін.<br>ші жарты.<br>жылдығы | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Экономика және сауда министрлігі |
| 2 | Дания Корольдігі Премьер-Министрінің Қазақстан Республикасына ресми сапа.<br>рын дайындау және өткізу. | 2001 жыл.<br>дың бірін.<br>ші жарты.<br>жылдығы | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 3 | Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкер.<br>лік саласындағы ынтымақ.<br>тастықты одан әрі дамыту:<br>қазақстандық әріптестер іздестіру;<br>Қазақстан рыногын игеруді жоспарлаған даниялық кәсіпкерлерге жәрдем көрсету;<br>өзара ақпараттар беру (оның ішінде инвестициялық және салықтық ахуал, жеңілдіктер мен преферен.<br>циялар туралы);<br>осы саладағы жобаларды аралас несиелендіру те.<br>тіктерін пайдалану | Тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөнін.<br>дегі агенттігі,<br>Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі,<br>Қаржы министрлігі,<br>Мемлекеттік кіріс министрлігі,<br>Сыртқы істер министрлігі,<br>Табиғи ресурстар және қор.<br>шаған ортаны қорғау министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | мүмкіндігін пысықтау<br>(Danish Mixed Credit<br>Facility). | | |
| 4 | Энергетикалық, мұнай-химия.<br>лық және тау-кен өндірісі<br>секторларындағы ынтымақ.<br>тастықты дамыту:<br>осы секторларға қызмет<br>көрсететін машина жасауға<br>даниялық инвестицияларды<br>тарту мүмкіндігін зерделеу;<br>Дания тарапына накты жобалар<br>жіберу;<br>Қазақстан Республикасында<br>жел энергетикасын дамыту.<br>дағы ынтымақтастықты<br>жалғастыру;<br>"Мэрек Ойл энд<br>Газ" компаниясымен<br>ынтымақтастықты кеңейту<br>мүмкіндігін зерделеу. | Тұрақты<br>негізде | Қазақстан Республикасының<br>Энергетика және минералдық<br>ресурстар министрлігі,<br>Экономика және сауда<br>министрлігі,<br>"Қазақойл" ұлттық мұнай-газ<br>компаниясы" жабық акционер.<br>лік қоғамы (келісім бойынша)<br><br>Қазақстан Республикасының<br>Сыртқы істер министрлігі,<br>Табиғи ресурстар және<br>қоршаған ортаны қорғау<br>министрлігі |
| 5 | Көлік және коммуникация.<br>лар секторындағы ынтымақ.<br>тастықты дамыту:<br>Азия аралық темір жол ма.<br>гистралінің Солтүстік<br>дәлізін бірлесіп пайдалану<br>жолымен транзит-көліктік<br>саладағы ынтымақтастықты<br>жолға қою мүмкіндіктерін<br>зерделеу;<br>осы сектордағы (контейнер.<br>лік тасымалдау, мұнай<br>өнімдерін тасымалдау) дания.<br>лық "ЭйПи Меллер Груп" ком.<br>паниясымен ынтымақтастықты<br>жолға қою мүмкіндігін | 2001 жыл.<br>дың бірін.<br>ші жарты.<br>жылдығы | Қазақстан Республикасының<br>Көлік және коммуникациялар<br>министрлігі,<br>"Қазақстан темір жолы"<br>республикалық мемлекеттік<br>кәсіпорны |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | зерделеу. | | |
| 6 | Ауыл шаруашылығы саласын. дағы ынтымақтастықты дамы. ту:<br>50-ден 100 бас санға дейінгі сауын сиырлары бар отбасылық сүт-тауар фермаларын (шаруа-фермер. лік шаруашылықтарын) дамытуға инвестициялар тарту және тәжірибе алмасу;<br>терең қайта өңделетін сүт өнімдерін өндіру жөніндегі даниялық технологиялар не. гізінде шағын кәсіпорындар ұйымдастыру. | 2001 жыл. дың бірін. ші жарты. жылдығы | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| 7 | Қоршаған ортаны қорғау және Арал аймағындағы ша. руашылық қызметті қайта қалпына келтіру саласын. дағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту:<br>балық өнімдерін өндіру және қайта өңдеу жөнін. дегі бірлескен кәсіпорын. дар құруда дания тарапынан жәрдем көрсету;<br>Сырдария өзені бассейніндегі Көксарай су қоймасын жасау жобасын іске асыруға техника-экономикалық негіздеме әзірлеу және одан әрі заем беру үшін техникалық көмек көрсету (қоса қаржыландыру тәртібімен) мүмкіндігін пысықтау;<br>Каспий теңізінің қазақстандық жағалауындағы мұнайдан ластануды | 2001 жыл. дың бірін. ші жарты. жылдығы | Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қор. шаған ортаны қорғау министрлігі, Экономика және сауда министрлігі, Қаржы министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | тазалауда ынтымақтастықтың мүмкіндіктерін зерделеу; Каспий теңізі су деңгейінің өзгерісіне мониторинг ұйымдастыру; даниялық Қоршаған ортаны қорғау, бейбітшілік және тұрақтылық қорымен ынтымақтастықты жолға қою; Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау қаржылық стратегиясын енгізу жөніндегі іс-қимылдар жоспарын әзірлеу кезінде Даниялық Қоршаған ортаны қорғауға қаржылық қолдау көрсету жөніндегі агенттігінің көмек көрсету мүмкіндігін пысықтау. | | |
| 8 | Қорғаныс саласындағы ынтымақтастықты дамыту: террооршыларға қарсы операциялар жүргізу үшін арналған таулы (альпинистік) жарақтарды қоса алғанда, НАТО стандарттары бойынша қазіргі әскери техникамен және мүліктермен ҚАЗБАТ пен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің бөлімшелерін жарақтандыруда дания тарапынан әскери техникалық жәрдем көрсету мүмкіндігін пысықтау; екіжақты желі бойынша оқытатын бағдарламалар беру мен тағлымдамалар өткізу мүмкіндігін пысықтау; Қазақстан Республикасы мен Солтүстік Атлантикалық Шарт Ұйымы (Брюссель | 2001 жылдың бірінші жартыжылдығы | Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қаласы) жанындағы Дания Корольдігінің миссиялары арасында тығыз байланыс орнату. | | |
| 9 | Халықаралық ұйымдар мен институттар (Біріккен Ұлттар Ұйымы, Европадағы қауіпсіздік пен ынтымақ. тастық жөніндегі ұйымы, Европалық Одақ, Солтүстік Атлантикалық Шарт Ұйымы) шеңберіндегі ынтымақтас. тықтың басым бағыттарын айқындау. | Тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қорғаныс министрлігі |

Мамандар:
Багарова Ж.А.
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК